

Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде 2022-2023 оқу жылындағы 1-ші сынып оқушыларына арналған мектепке бейімделуі және «Көңіл – күйің қандай?» атты психологиялық тест әдістемесі бойынша қорытынды талдамасы.

Мақсаты; Оқушының мектепке бейімделуі және көңіл-күйін анықтау.

1 «а,ә,б,»- сынып оқушылары.

Өткізілген күні; «12» қыркүйек 2022 ж.

Қатысқан оқушылар саны: 75 оқушы

Жұмыстың барысы:

Әдістеме баланың мектептегі көңіл-күйін байқау үшін берілген.Сыныптағы әр балаға парақша үлестіріледі. Ол парақшада таблицадан тұратын 5 сұрақ жазылған.Берілген сұрақтардың жауабына әртүрлі түсті карандаштар арқылы бояп өткізеді.

Көңіл –күй мен мінез әр уақыт үйлесім таба бермейді. Дәл климат пен ауа райы сынды.Климаты жайлы жерде кейде жаңбыр да,бұршақ та, қар да жауады. Тұстандауда да дәл осылай.

Баланың белгілі бір түске өмір бойы құмартуы оның мінез-құлқын танытады.Ал аяқ асты «құбылу»--баланың дәл сол сәттегі көңіл-күйі.Демек асау мінезіңізді «жуасыту» үшін түстерді қолдануға болады.

Төменде берілген таблицадағы сұрақтар пайызымен көрсетілген.

Төменде берілген таблицадағы сұрақтар пайызымен көрсетілген

№	Сұрақтар	Түстер	Оқушы саны	Оқушының түсті бояғандағы көрсеткен %
1.	Мектепке барарда көңіл- күйің қандай?	Қызыл	4	5,3%
		Жасыл	23	30,6%
		Көк	6	8%
		Сары	37	49,3%
		Қоңыр	3	4%
		Күлгін	2	2,6%
		Сұр	-	-
		Қара	-	-
2	Сабақта отырғанда көңіл-күйің қандай?	Қызыл	12	16%
		Жасыл	20	26,6%
		Көк	5	6,6%
		Сары	26	34,6%
		Қоңыр	8	10,6%
		Күлгін	4	5,3%
		Сұр	-	-

		Қара	-	-
3	Үзіліс кезіндегі көңіл-күйің қандай?	Қызыл	2	2,6%
		Жасыл	6	8%
		Көк	2	2,6%
		Сары	62	82,6%
		Қоңыр	1	1,3%
		Күлгін	2	2,6%
		Сұр	-	-
		Қара	-	-
4	Сабақтан тыс уақытта көңіл-күйің қандай?	Қызыл	8	10,6%
		Жасыл	22	29,3%
		Көк	1	1,3%
		Сары	41	54,6%
		Қоңыр	1	1,3%
		Күлгін	2	2,6%
		Сұр	-	-
		Қара	-	-
5	Үйге қайтқанда көңіл-күйің қандай?	Қызыл	8	10,6%
		Жасыл	22	29,3%
		Көк	-	-
		Сары	44	58,6%
		Қоңыр	-	-
		Күлгін	1	1,3%
		Сұр	-	-
		Қара	-	-

Түстер нені білдіреді?

Бірден айта кетейік, бір түс бірнеше мағынаны білдіруі мүмкін. Мұнымен қатар қарындашты қаншалықты қою етіп бояғандығы да маңызды.

Негізгі символикалық мағыналар;

Қара көк - ішкі қиындықтарды жеңіуге деген ұмтылыс, өткен және қазіргі өміріне талдау жүргізу.

Жасыл - салмақтылық, тәуелсіздік, талап қоя білу, қырсықтық, жоғары белсенділік, қауіпсіздікке ұмтылу.

Қызыл - еркіндік күші, ашушаңдық, өте жоғары белсенділік, қозғыштық.

Сары - жақсы эмоциялар, оптимизм, табиғилық, білмекке құмарлық.

Күлгін - қиял, түйсік, эмоция, интеллект дүмбілездігі.

Қоңыр - бояулату, физикалық жайсыздық, көп жағдайда жағымсыз эмоциялар.

Қара - жабығу, қарсылық, жою, өзгерісті талап ету.

Сұр - түстің жоқтығы, салғырттық шетте қалу, кетуге құмарту, мазалайтын дүниені байқамау.

Сыныптағы жалпы түстердің анықтамасы мен пайызы:

№	Түстер	Көңіл-күйге байланысты психологиялық анықтамасы	Оқушы саны	Оқушының түсті бояғандағы көрсеткен %
1	Қызыл	Қызыл қуанышты көңіл –күй. Толыққанды сезімді қалайды. Белсенділік пен өмірге құштарлықты арттырады. Көшбасшылыққа ұмытталдырады. Кері әсері; Басқыншылық сезімі мен қозу. есеңгіреу мен ашушандыққа әкеп соғады. Жолына бөгет болғандарды қиратып. Қатігездік пен қырсықтық сезімін өршітеді.	6	8%
2	Жасыл	Өз-өзін сыйлау. тұрақтылық түсі. Өз-өзімен шынайы. Тектіліктің белгісі. Жасыл түске құмар бала; әділетті. өзін-өзі басқара алатын оқушы. Кері әсері; Зерігу, эгоизм мен қызғаныш тудырады. Сонымен қатар, кей кезде баланың өзіне сенімділігін бәсеңдетеді.	17	22,6%
3	Көк	Көк -суық көңіл -күй.	4	5,3%
4	Қоңыр	Қоңыр киналған көңіл күй. Қоңыр мамыражай отбасындағы берекенің және қауіпсіздіктің түсі.	2	2,6%
5	Сары	Сары жағымды көңіл күй. Ой әрекетіне жақсы әсер етеді. Шабыт пен рақымшылық сезімін арттырады. Кері әсері; Әлсіздік пайда болуы мүмкін. Сары түс мол кеңседе ұзақ отыру бас ауруын туғызуы мүмкін. Аса қанығу жүйке жүйесін жұқартып, агрессия мен мазасыздық тудырады.	42	56%
6	Күлгін	Күлгін алаңдатушы көңіл күй. Баланың фантазиялары мен бейнелердің дүниеге келуіне ықпал етеді. Бірақ әр нәрсенің жақсы мен жаманы бар сияқты, күлгін қара түсті шамадан тыс көп пайдалану күйзеліске ұшыратып, жалғыздық сезімін еселендіре түспек.	4	5,3%
7	Сұр	Немқұрайлық, салғырттық, өзімен-өзі болу, ортада белсенділік танытпау.	--	--
8	Қара	Қара күш қуаттың төмендеуі. Бұл түс бәрін өзінде жасыратын түс. Қызығушылықты	--	--

		арттырады. Кері әсері; Қара түстің аса көп мөлшерде пайдалану күйзеліске. Енжарлыққа душар етуі мүмкін.		
--	--	---	--	--

Мәселелік сұрақтар:

Осы аталған түстерді біздің көңіл күйімізге әсері бар ма?

Қандай түстер тыныштандырады?

Қандай түстер тәбетімізді ашады?

Қандай түстер көңіл күйімізді мұңға бөлейді?

Қандай түстер тез шаршатады?

Қандай түстер ойға бөлейді, яғни арманға бөлейді?